

**2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстандық оқу-ағарту,  
ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағындағы  
кәсіподақ мүшелігі мен кәсіподақ органдары туралы жинақталған  
статистикалық есептің қорытындылары туралы  
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы 601 648 кәсіподақ мүшелерін біріктіретін 22 мүшелік ұйымнан құралады. Бұл көрсеткіш, 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдаймен салыстырғанда 7 227 адамға артық.

2025 жылы жұмыс істейтін кәсіподақ мүшелерінің жалпы саны 590 740 адамды құрады, бұл өткен есептік кезеңмен салыстырғанда 8 983 адамға артық (2024 жылы – 581 757 адам).

Салада 8 738 кәсіподақ ұйымы бар кәсіпорын мен ұйымдар бар.

Кәсіподақ құрамында:

- оқу орындарында оқитындар (студенттер) саны – 10 892 адам (2024 жылы – 12 590 адам), 1 698 адамға азайды;
- әйелдердің саны – 448 997 адам (2024 жылы – 436 567 адам), 12 430 адамға артты;
- 35 жасқа дейінгі кәсіподақ мүшелерінің саны – 152 820 адам (2024 жылы – 161 291 адам), 8 471 адамға кеміді.

Есептік кезең ішінде Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы құрамына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК-ның бастауыш кәсіподақ ұйымы (18 адам), қабылданып, Кәсіподақтың Орталық комитетінің тікелей қызмет көрсетуіне енгізілді.

2025 жылы жұмыс істейтін кәсіподақ мүшелерінің саны келесі мүшелік ұйымдарда:

- Астана қ. білім беру қызметкерлерінің кәсіподағында – 4 854 адамға;
- Түркістан облыстық ұйымында – 2 259 адамға;
- Маңғыстау облыстық ұйымында – 1 509 адамға;
- «Ұстаз» Алматы қалалық ұйымында – 1 275 адамға;
- «Қамқор» Алматы облыстық ұйымында – 893 адамға;
- Қарағанды облыстық ұйымында – 641 адамға;
- Абай облысының кәсіподақ ұйымында – 543 адамға;
- Шығыс Қазақстан облыстық ұйымында – 541 адамға;
- Батыс Қазақстан облыстық ұйымында – 271 адамға;
- Қызылорда облыстық ұйымында – 234 адамға;
- Ақмола облыстық ұйымында – 183 адамға;
- «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ БКҰ-нда – 101 адамға;
- Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті жергілікті кәсіподағында – 101 адамға;

- Ақтөбе облыстық ұйымында – 89 адамға;
- «Қорғау» Қостанай облыстық ұйымында – 54 адамға;
- Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде – 51 адамға;
- Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының БКҰ-нда – 22 адамға;
- А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті қызметкерлерінің және білім алушыларының БКҰ-нда – 21 адамға;
- «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КеАҚ қызметкерлерінің БКҰ-нда – 12 адамға;
- А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты қызметкерлерінің БКҰ-нда – 10 адамға;
- Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының БКҰ-нда – 6 адамға;
- Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті қызметкерлерінің БКҰ – 5 адамға артты.

Көрсетілген кәсіподақ ұйымдарында жұмыс істейтін кәсіподақ мүшелері санының артуы еңбек ұжымдарында жүргізілетін тиімді мотивация мен түсіндіру жұмыстарының нәтижесі болып табылады. Кездесулер, консультациялар және ақпараттық-ағартушылық іс-шаралар барысында қызметкерлерге кәсіподақтың мақсаттары мен міндеттері, мүшелікке кірудің артықшылықтары, сондай-ақ еңбек, әлеуметтік-экономикалық және кәсіби құқықтарды қорғаудың нақты тетіктері жүйелі түрде түсіндірілді. Жүргізіліп жатқан іс-шаралар кешені арқылы кәсіподақ ұйымына деген сенім деңгейі артып, қызметкерлердің оның қызметіне қатысуға қызығушылығы қалыптасуда.

Сонымен қатар, **17** кәсіподақ ұйымында кәсіподақ мүшелері санының азаюы байқалады. Барлық кәсіподақ ұйымдары қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша атқарылған жұмыстың нәтижелерін көрнекі түрде көрсету үшін заманауи ақпараттық ресурстарды толық көлемде пайдаланбайды. Кәсіподақтың практикалық жетістіктері ақпараттық кеңістікте жеткілікті деңгейде көрсетілмеген. Бұл кәсіподақ мүшелігінің одан әрі өсу әлеуетін төмендетеді және ашықтықты, хабардарлықты және қызметкерлердің өз құқықтарын ұжымдық қорғауға тартылуын арттыруға бағытталған ақпараттық-ағартушылық қызметті жандандыруды талап етеді.

**2025 жылы объективті себептерге байланысты кәсіподақ мүшелерінің жалпы санының азаюы төмендегі кәсіподақ ұйымдарында орын алды:**

- Шымкент қалалық ұйымы – 998 адам (жұмыс істейтіндер саны 615 адамға азайды);
- Ұлытау облысының кәсіподақ ұйымы – 904 адам (жұмыс істейтіндер саны 1 002 адамға азайды);
- Жамбыл облыстық ұйымы – 771 адам (жұмыс істейтіндер саны 773 адамға азайды);

- Солтүстік Қазақстан облыстық ұйымы – 712 адам (жұмыс істейтіндер саны 711 адамға азайды);
- Батыс Қазақстан облыстық ұйымы – 697 адам;
- Жетісу облысының кәсіподақ ұйымы – 534 адам;
- Атырау облыстық ұйымы – 530 адам;
- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы – 184 адам;
- Павлодар облыстық ұйымы – 147 адам;
- М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамы» қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы – 141 адам;
- Алматы облыстық ұйымы – 87 адам;
- Сәтбаев Университеті қызметкерлері мен білім алушыларының жергілікті кәсіптік одағы – 59 адам;
- Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қызметкерлерінің БКҰ – 52 адам;
- «Алтын жебе» жергілікті кәсіптік одағы – 26 адам;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қызметкерлерінің БКҰ – 11 адам;
- ҚР Оқу-ағарту министрлігінің БКҰ – 5 адам;
- «Рудный индустриалдық институты» КеАҚ қызметкерлерінің БКҰ – 4 адам.

Өңірлер бойынша сандық құрамның азаю себептерінің талдауы:

- Шымкент қалалық ұйымында кәсіподақ мүшелері санының азаюы күндізгі нысанда оқитын студенттердің оқуын аяқтауымен, халықтың басқа қалаларға қоныс аударуымен, көп балалы аналардың зейнетке шығуымен байланысты.

- Жамбыл облыстық ұйымында азаю бірнеше балабақшалар мен бала санына байланысты аудандағы бір мектептің өз қызметтерін тоқтатуымен, кәсіподақтың ұстанымдары мен талаптары бойынша келіспеушіліктерге орай Т.Рысқұлов ауданындағы жеке балабақша бастауыш кәсіподақ ұйымының жабылуымен байланысты.

- Солтүстік Қазақстан облыстық ұйымында кәсіподақ мүшелері санының азаюы халықтың көші-қондық кетуі, балабақшалар мен мектептердің жабылуымен, қайта құрылуымен байланысты.

- Батыс Қазақстан облыстық ұйымында кәсіподақ мүшелері санының азаюы кәсіподақ құрамынан қызметкерлердің жарна төлемей-ақ заңгерлік көмек аламыз деген желеумен, тексеруден соң екі колледж студенттерінің шығуымен байланысты.

- Жетісу облысында азаю ауылдық жерлердегі балабақшалар мен шағын орталықтардың ваучерлік жүйеге көшуімен, бастауыш мектептердегі бюджеттік қаржыландырудың қысқаруымен, кейбір педагогтердің еңбек жолын аяқтауына байланысты кәсіподақ мүшелігінен шығуына орай орын алып отыр.

- Ұлытау облысындағы азаю қызметкерлердің қалаларға қоныс аударуымен және басқа салаларға ауысуымен байланысты.

- Басқа ұйымдарда кәсіподақ мүшелері санының азаюы қызметкерлердің қысқартылуымен, әкімшілік-аумақтық бірліктен тысқары жерлерге көшуімен, шағын жинақты мектептердің жойылуымен және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын коммерцияландыру процессімен байланысты.

Қазіргі таңда Салалық кәсіподақта жұмыс жасамайтын 16 зейнеткер бар, бұл өткен есептік кезеңмен салыстырғанда 58 адамға кем. Жұмыс жасамайтын зейнеткерлер саны Қарағанды және Түркістан облыстарына тиесілі.

2025 жылы 8 716 бастауыш кәсіподақ ұйымы бар, бұл көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 111-ге артық.

Мүшелік ұйымдардағы штаттық қызметкерлердің саны 587 адамды құрайды, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 11 адамға кем.

Кәсіподақтық оқытудан 115 420 адам өтті, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 37 702 адамға артық, оның ішінде:

- кәсіподақ ұйымдарының төрағалары – 11 806;
- кәсіподақ активі – 16 490;
- тексеру комиссиясының мүшелері – 13 332;
- келісу комиссиясының мүшелері – 30 277;
- кәсіподақ мүшелері – 43 515 адам.

Статистикалық есептегі көрсеткіштердің өзгеру себептерін жан-жақты талдап, егжей-тегжейлі түсіндірілген мазмұнды түсіндірме жазбаны мүшелік ұйымдардың тек бірнешеуі ғана ұсынды. Мүшелік ұйымдардың басым бөлігі ақпаратты салыстырмалы талдаусыз берген. Есептерге қоса тіркелген түсіндірме жазбаларда жекелеген ұйымдар кестеде бұрыннан көрсетілген деректерді талдаусыз қайталап келтірумен шектеледі, бұл нақты ахуалды объективті түрде бағалап, көрсеткіштердің динамикасын айқындауға мүмкіндік бермейді.

Осы ретте, жекелеген мүшелік ұйымдарда кәсіподақ мүшелері санының өзгеруіне қарамастан, Салалық кәсіподақтың қызметі мақсатты сипатта сақталып, тұрақты түрде дамып келе жатқанын атап өткен жөн.

Кәсіподақты ұйымдастырушылық тұрғыдан нығайту жөніндегі белсенді жұмыс жалғасуда, жаңа бастауыш кәсіподақ ұйымдары құрылуда және мүшелік база ұлғайтылуда.

Кәсіподақ мүшелерінің санын одан әрі арттыру және оның беделін нығайту мақсатында:

- цифрлық және медиялық ресурстарды пайдалана отырып, ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу;
- кәсіподақ мүшелігін ынталандырудың нысандары мен әдістерін жетілдіру;
- қызметкерлердің құқықтарын қорғаудың оң тәжірибесін және кәсіподақ құрылымдарының табысты қызметін тарату тәжірибесін енгізу;
- 35 жасқа дейінгі жастарды кәсіподақ қатарына тарту жұмысын күшейту;

- проблемалы өңірлерде мүшелердің кету себептеріне жүйелі талдау жүргізуді қамтамасыз ету қажет.

**Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының  
ұйымдастыру жұмыстары бөлімі**